

**Жиналыстың
ХАТТАМАСЫ**
МКҚК «№ 5 «Еркетай» балабақшасы»

03.02.2022.ж.

Қатысқандар: 36 адам ((қорғаушылық кеңесінің мүшелері, шақырылғын ата-аналар, педагогтер).

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы білім ұйымдарының қызметі.
Жауапты.: Н. Б Подолько, балабақшаның меңгерушісі
2. Мемлекеттік қызмет көрсету туралы, «Мектепке дейінгі ұйым біліміне балаларды алу және құжаттарды қабылдау», "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттау"

Жауапты. А.М.Картабаева., хатшы,іс-жүргізуші

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

І.Подолько Н. Б. - Білім саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету туралы. 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару мен өздігінен басқару туралы», Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, 2013 жылғы 15 сәуірдегі «Қызмет көрсету туралы», Степногорск қаласының әкімшілігінің қаулысы негізінде 2016 жылғы 29 қаңтардағы №а-1/40 халыққа жергілікті атқарушы органдармен **білім, отбасы мен бала саласында** мемлекеттік қызмет көрсетеді

Негіздеме бойынша:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 172 бұйрығы

«Отбасы және балалар саласында көрсетілген мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Рспубликасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 бұйрығы

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Рспубликасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 9 қарашадағы № 632 бұйрығы

Мектепке дейінгі білім

1. Мектепке дейінгі ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі жастағы (7 жасқа дейін) балалардың кезекке қойылуы
2. Білімінің мектепке дейінгі ұйымдарына балаларды алу және құжаттарын қабылдау

Отбасы мен бала саласында

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына, банктерге, ішкі істер органдарына кәмелетке толмаған балалардың мүлкіне иелік ету және кәмелетке толмаған балаларға мұра ресімдеу үшін анықтамалар беру
2. Кәмелетке толмаған балаларға меншік құқығында тиесілі мүлікпен жасалатын мәмілелерді ресімдеу үшін қорғаншылық немесе қамқоршылық бойынша функцияларды жүзеге асыратын органдардың анықтамаларын беру
3. Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтамалар беру
4. Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға ақшалай қаражат төлеуді тағайындау
5. Жетім балаға (жетім балаларға) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға (балаларға) қамқоршылық немесе қорғаншылық белгілеу
6. Қамқоршыларға немесе қорғаншыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап-бағуға жәрдемақы тағайындау
7. Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру
8. Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке қою
9. Жетім балаға (жетім балаларға) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға (балаларға) қамқоршылық немесе қорғаншылық белгілеу

Аттестаттау

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 9 қарашадағы № 632 бұйрығы.

«Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

Аталған қызмет көрсетулер Білім бөлімінің сайтында орналасқан.

Әр құжаттың өз құрылысы бар:

1. Жалпы ережелер
2. Қызмет көрсетудің ұйғарымды мерзімін көрсетуімен, ұсыну формаларымен мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі (ақылы, ақысыз), қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі)
3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, жергілікті жауапты органдарының әрекетінің, (әрекетсіздігіне) шешімінің шағымдану тәртібі:
4. Өзге де талаптар мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген Сондай-ақ шағымдану тәртібі орналастырылған.

Сілтемені өту бойынша қызметті онлайн арқылы тапсыруға болады.

(Балабақшаға кезекке қою) Анықтама қызметінің байланыс телефондары «Мемлекеттік қызмет көрсету» тарауында интернет-ресурс www.edu.gov.kz орналасқан. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

II. Картабаева А.М. – МДҰ қызмет көрсету туралы

Барлық нормативтік-құқықтық құжаттар бар. МДБ Номенклатурасына ұйымның Жарғысына өзгерістер енгізілді. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қабырға безендірілген. Нөмірленген және бауланған журналдар жүргізіледі, соңғы парақта мөрі мен қолы қойылған.

«Мектепке дейінгі ұйым біліміне балаларды алу және құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету Стандартына сәйкес қызмет көрсетушіге өтінген кезінде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті жеке файлда Құжаттар пакеті жинақталған, ата-аналар мектепке дейінгі ұйымға келген соң құжаттарды ұсынады:

- 1) Қабылдау арналған жолдама
- 2) ата-анасының бірінің немесе заңды өкілінің жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін)
- 3) баланың тууын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін)
- 4) Баланың денсаулық паспорты
- 5) баланың денсаулығы туралы анықтама
- 6) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы (ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін).

Форма бойынша білім бөліміне мемлекеттік қызмет көрсету туралы ай сайын есеп беріледі.

2021 жылда 123 қызмет көрсетілді.

Төрайымы  Н.Б.Подолько
Хатшы  О.В.Галковская